Ұзынкөл ауданының әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
"Ұзынкөл орталықтандырылған кітапхана жүйесі " Мемлекеттік мекемесі



(1925-2009)

# Тас мұрасының байлығы
# Богатое наследие в камне

Ұзынкөл - 2018

**Хакімжан Наурызбаев** (1925-2009)- Қазақстанның ұлттық  монументальды өнерінің бастауында тұрған қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ш. Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, “Тарлан ” сыйлығының иегері, “Парасат” орденімен марапатталған , Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының профессоры бейнелеу өнерінің алтын қорына енген туындыларды сомдады.

Хакімжан Наурызбаев 1925 жылы 27 тамызда Қостанай облысы Мендіқара ауданының  (қазіргі Ұзынкөл ауданында)№1 ауылында дүниеге келген. Бала кезінен сурет салумен , әсіресе мүсіндеумен шұғылданды.

Мүсіншінің балалық шағы Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарымен тұспа-тұс келді. Оқуды тастап, майданға кеткен ересектердің орнында ұжымшарада жұмыс істеуге тура келді. Бақташы , ұжымшар ұстаханасында ұстаның ауыр жұмыстарын атқара жүріп , темірді қалағанынша  балқыта иіп, ұсталықпен айналысуы түрлі мүсіндерді соғуға  машықтандырады. Ол аудандық әуесқойлардың өнер байқауында Жамбыл Жабаев пен Максим Горькийдің кеуде мүсіндері үшін сыйлық алады.



**Х. Наурызбаев Абай ескерткішінің нобайы жанында**



**Алматы қаласындағы Абай Құнанбаев ескерткіші**

Өнерге деген талпынысын сезген үлкендердің көмегімен Хакімжан Наурызбаев 1943 жылы Алматы көркемсурет училищесіне, бір жылдан соң бірінші курсты аяқтағаннан кейін Мәскеудегі сәулет институтының дайындық бөліміне оқуға жіберіледі. Ол алты сыныптық білімімен институтта оқуын жалғастыра алмайды. Училище қабырғасында жүргенде Хакімжан Наурызбаев Украина суретшісі Ольга Николаевна Кудрявцеваның шеберханасында сабақ алады. Сол кісінің кеңесімен 1945 жылы Харьков көркемсурет институтының мүсін факультетіне оқуға түседі. О. Кудрявцеваның жетекшілігімен "Жас кенші" атты алғашқы үлкен туындысын , ұлттық тақырыптағы "Көкпар", "Бүркітші жігіт", "Жеңімпазды қарсы алу" композицияларын жасайды.

"Жас Жамбыл", "Жеңімпазды қарсы алу" мүсіндері

Мәскеудегі Бүкілодақтық көркемсурет көрмесіне қойылды.

1951 жылы Хакімжан Наурызбаев "Ат үстіндегі Жамбыл" дипломдық жұмысын орындап , институтты аяқтайды. Сол жылы Алматыға оралады. Алматы көркемсурет училищесінде сабақ бере жүріп, мүсін бөлімінің ашылуына қол жеткізеді . Ұзақ жылдар ішінде Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткерлері Бек Түлеков, Төлеген Досмағамбетов, ҚР халық суретшісі Еркін Мергенов, ҚР мәдениет қайраткері Тілеуберді Бинашев , ҚР Суретшілер одағының мүшесі Бақытбек Мұхаметжанов және т.б. Қазақ өнерін жалғастырып дамытатын кәсіби мамандар, белгілі мүсіншілер, көптеген дарын иелерін тәрбиелеп шығарады.

1951 жылы желтоқсанда суретші Х. Наурызбаев Қазақстан Суретшілер одағына, 1952 жылы наурызда КСРО Суретшілер одағына мүшелікке қабылданады. Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы болып жұмыс істеді, КСРО, Қазақстан Суретшілер одағы басқармаларына бірнеше рет мүшеболып сайланады. Наурызбаевтың шығармашылық жолы жастық шағының сұм соғыспен тұспа- тұс келгендігімен ғана қиын болған жоқ . Дарынды мүсіншінің көзінің көруі нашар еді. Бұл жағдай өз ісін аса қастерлейтін мүсіншіні әлемді тұтас көру қабілетінен айырды.  Өнертанушы Александр Иванович Анисимов Наурызбаев туралы: “Мүсіншіге көлемді екі көзбен көрудің маңызды екенін айтпаса да болады, көбінесе түйсікпен, сипалап жұмыс істеуге тара келеді. Хакімжанның кез келген жұмысында шеберліктен басқа жүректілік, еңбексүйгіштік, өнерге деген адалдық басым”- деп жазды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Т. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Ғылыми Кеңесінің
2000 жылы "20" қыркүйектегі шешімен /№1 хаттама/
Наурызбаев
Хакімжан Исмаханұлына
"Мүсін" кафедрасы бойынша
ПРОФЕССОР
академиялық атағы берілді

Ғылыми Кеңесінің төрағасы
Ғылыми Кеңесінің хатшысы

ПР № 0009

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕШЕНИЕМ УЧЕНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ
АКАДЕМИИ ИСКУССТВ ИМ. Т. ЖУРГЕНОВА

от "29" 09 2000 года, протокол № 1
Наурызбаеву Хакимжану Исмахановичу
присвоено академическое звание
ПРОФЕССОРА
по кафедре "Скульптура"

By decision of the Scientific Council of Kazakh State Art Academy
the academic title of
PROFESSOR
is awarded
of the Chair Khakimzhan I. Nauruzbaev
29 09 2000

Председатель Ученого Совета — Chairman of the Scientific Council
Ученый Секретарь — Secretary of Scientific Council

Хакімжан Наурызбаев 300-ден астам туынды самдаған, оның ішінде Алматыдағы Абай Құнанбаев пен Шоқан Уәлихановтың ескерткіштері, халық ақыны Жамбыл Жабаевқа арналған жұмыстар сериясы бар. Х. Наурызбаевтың қолынан шыққан монументальды мүсіндер жоғары сезімталдықпен және қатаң стилистиканың айқындылығымен ерекшеленеді.

“Амангелді Иманов”, “Құрманғазы”, “С. Сейфуллин”, “Ақын М. Хакімжанова”, “КСРО халық артисі Серке Қожамқұлов” және т.б. Тарихи портреттері пішінді мұқият бейнелеу мен күрделі психологиялық сипатқа ие.

Мүсіншіні ұлы тарихи тұлғалар ғана қызықтырып қойған жоқ. Ол көптеген замандастарының – шопандардың, металлургтердің, механизаторлардың да портреттерін сомдады. Кейіпкерлер арасында жерлестеріміз Социалистік Еңбек Ерлері Кәмшат Дөненбаева, электровоз машинисі Вера Ивановна Политкина да бар.



**Ш. Уәлиханов ескерткішін сомдау сәті**
**Работа над памятником Ч. Валиханову**



**Алматы қ. Ш. Уәлиханов ескерткіші**
**Памятник Ч. Валиханову в г. Алматы**

Көрнекті шебердің шығармашылығының ең құндылығы – кейіпкерлерінің өзіндік ерекшелігі . Оның әрбір туындысынан туған жердің рухы, адамдарына деген шексіз қызығушылық , туған халқына деген қалтқысыз қызметі сезіледі.

Мүсіншінің туындылары Мәскеудегі Мемлекеттік Третьяков галереясында , Алматыда ҚР Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында және Қазақстанның өзге де көркемсурет мұражайларында , сонымен қатар Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорында да сақталған.

Хакімжан Наурызбаев 2009 жылы 4 қыркүйекте 84 жасында дүниеден өтті.




**Тараздағы Ж. Жабаев ескерткіші**
**Памятник Ж. Жабаеву в г. Тараз**



**Алматыдағы Жамбыл Жабаев ескерткіші**
**Памятник Жамбылу Жабаеву в г. Алматы**

# Оның жұмыстары:



Абай мүсіні
Бюст Абая



“Жас Жамбыл”мүсіні
Скульптура
“Молодой Жамбыл”



Амангелді Иманов
Амангельды Иманов



**Социалистік Еңбек Ері О. Қозыбаевтың мүсіндік портреті**
**Скульптурный портрет Героя Социалистического труда О. Козыбаева**



**ҚКСР халық артисі С.Қожамқұловтың мүсіндік портреті**
**Скульптурный портрет народного артиста КССР С. Кожамкулова**



С. Көбеевтің мүсіндік портреті
Скульптурный портрет С. Кубеева



Х. Наурызбаевтың шеберханасындағы жұмыс үстелі
Рабочий стол в мастерской Х. Наурызбаева

# Хакімжан Наурызбаев туралы мақала беттінде


АҚШАМЫ
«Қостанай таңының» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы
ЖӘДІГЕР
Халқымыздың бас мүсіншісі
Хакімжан Наурызбаевтың туғанына 90 жыл


Хакімжан НАУРЫЗБАЕВ
(1925–2009 жж.)
Қазақтан шыққан тұңғыш кәсіпқой мүсінші


Хакімжан НАУРЫЗБАЕВ, мүсінші:
АБАЙДЫҢ ЕСКЕРТКІШІН АЛЫП ТАСТАМАҚ БОЛҒАН

Қостанай ақшамы. – 2015. – 26 маусым. – Б. 1.

Жұлдыздар отбасы. – 2013. - №10. – Б. 31, 36.


Еркін МЕРГЕНОВ
ТАЛАНТТЫ КІСІЛЕРДІҢ КӨБІ ҰМЫТЫЛЫП КЕТТІ


Мұхтар ШАХАНОВ, ақын:
ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫНА ЕРЕКШЕ РИЗА БОЛДЫМ
Тілеуберді БИНАШ
МЕНМЕНДІК ДЕГЕНДІ БІЛМЕЙТІН


Хакімжан НАУРЫЗБАЕВ, мүсінші:
АБАЙ ЕСКЕРТКІШІН БАСҚА ҚЫРЫНАН ЖАСАР ЕДІМ...


Әскербек СӘКІЖАН
АДАЛДЫҒЫН ҮЛГІ ТҰТТЫМ
Раушан НАУРЫЗБАЕВА
ӘКЕМ ӨМІРДЕН КҮЛІП ӨТТІ

Есіміне көше берілді

## Ұмытылмас тұлға




Қ. НАҒАШЫБАЙ.

На пруду, на озере

## Қазақстанның халық суретшісі Хакімжан НАУРЫЗБАЕВ

### Тілеубердінің мұражайы



## МҮСІНШІ
## Хакімжан Наурызбаев туралы сөз



А.МИНАСОВА, Л.Толстой атындағы облыстық ...

## ӨНЕР-ӨМІР

8 17 ҚЫРКҮЙЕК 2011 ЖЫЛ. №109 (4511). E-MAIL: ALMATY-AKSHAM@MAIL.RU



Қазақстан Суретшілер одағы мен Кеңмен академиясының корреспондент-мүшесі, мәдениет қайраткері, Арыс және Ордабасы аудандарының «Құрметті азаматы», «Өнер ордасы» мұражайының жетекшісі Тілеуберді Мелдешұлы БИНАШЕВ 1981 жылы Алматы көркемсурет училищесін мүсінші мамандығы...

### Асекеңнің мүштегі мұнда қайдан жүр!

# «Қандай суретші екенімді шәкіртім Тілеубердінің ...

**Х. Наурызбаевтің шәкірті Тілеуберді Бинашев мүсінші**







**Дюсенов Абай Нурканович в гостях у Хакимжана Наурызбаева**



Бытық Даирхан



Даирхан












# Хакімжан Наурызбаев







Хакімжан Наурызбаевтың жас кезі





**Асанәлі Әшімов және Қазақстанның өнер қайраткері мүсін өнерінің хас шебері Тілеуберді Мелдешұлы Бинашев**



**Т.М. Бинашев Ұзынкөл жерінде қонақта, Наурузбаев Руслан Жамбулұлы және Ұзынкөл әкімі Ибраев Абай Сарсембайұлы**



**Мүсінші Т. М. Бинашев**



**Мүсінші Т. М. Бинашев , Облыс әкімі Н. М. Садуакасов**

Руслан!
Әкімжан ағаның ескерткішін
Қостанай облысының әкімі
Нұрлан мырза қолдады

25.02.2014

Құрметті
Руслан Алматыдағы
көрмеге шақырамын!





**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ МҮСІНШІСІ**

Қазақстанның халық суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Профессор

Хакымжан Наурызбаевтың

бюстінің эскизі



Авторы шәкірті:

Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері, мүсінші

«Өнер ордасы» шеберханасының директоры:

Т. Бинашев

**Эскиз проект**

## Альбом дайындау кезде пайдаланылған материалдар:

1.Наурузбаев Р. Ж. жеке мұрағаты;
2.Жергілікті “Нұрлы жол” газеті;
3. Х. Наурызбаев жинақ папкасы;
4. Интернет материалдары.

**Наурузбаев Руслан Жамбулұлына, альбом жасау көрсеткен көмектері үшін, алғысымызды білдіреміз!**

**Құрастырушы: Ұзынкөл ОАК кітапханашысы**
**Н. С. Бетаева**
**Мекенжай: Ұзынкөл ауданы , Ұзынкөл селосы, Абай көшесі 79. тел. 87144421028,**
**эл.пошта: Nursipat_b91@mail.ru**